

дағдысы болу керек:

- педагогикалық процесті ұйымдастыру тәсілі мен талдау;
- зерттеушілік жұмыстар;
- өзінің кәсіби қызметі шеңберінде қолданатын ақпараттарды өңдеу және сақтау, жинақтаудың компьютерлік әдістері;
- математика, математиканы оқыту әдістері, педагогика және психология сұрақтарын жетік білу керек.

Сонымен, 050109 — «Математика» мамандығының квалификациялық сипаттамаларын мысалға ала отырып, келешек мамандардың кәсіби қызметіне ақпаратты зерттей білу мен ақпараттық мәдениетінің жоғары деңгейде қалыптасуының маңыздылығы мен оның бөлінбейтін бөлшегі ретінде талаптарына көз жеткіземіз. Бұл түйінді мәселені шешудің бірден-бір жолы ретінде ақпараттану ғылымының жетістіктерін кез келген мамандық бойынша оқылатын «Қазіргі жаратылыстану концепциясы» курсына қолдануды айтуға болады. Пәнаралық байланыс негізінде туындаған бұл ғылымның ақпаратты зерттеу мәселесіндегі жетістіктерін оқу үрдісінде қолдану келешек маманды заманауи талаптарына сай даярлауда мол мүмкіндіктер береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Жаңа онжылдық — жаңа экономикалық өрлеу — Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы / Егемен Қазақстан. — 2010. — 30 қаңт. — № 33–35.
2. Антонова С.Г. Информационная культура специалиста: Гуманитарные основания // Проблемы информационной культуры: Сб. ст. — М., 1994. — С. 110–117.
3. Вохрышева М.Г. Информационная культура в системе культурологического образования специалиста // Проблемы информационной культуры: Сб. ст. — М., 1994.
4. Горлова И.И. Формирование информационной культуры личности как непрерывный процесс в системе «Школа–училище–вуз» // Информационная культура специалиста: Гуманитарные проблемы: Межвуз. науч. конф., Краснодар–Новороссийск, 23–25 сент. 1993 г.: Тез. докл. — Краснодар, 1993. — С. 388–390.
5. Смолян Г.Л., Шошников К.Б. Феномен персональных ЭВМ: философско-методологический аспект // Вопросы философии. — 1996. — № 6. — С. 42–55.
6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. — Астана, 2006. — 16-б.

ӘОЖ 371.13:[004+336.774]

Б.А.Бейсенбаева, У.И.Көпжасарова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА КОМПЬЮТЕРДІҢ МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІН ПАЙДАЛАНУ ЖАЙЫНДА

В статье рассматривается эффективность использования мультимедийных возможностей компьютера на занятиях английского языка. Авторы подчеркивают, что использование компьютерных технологий в учебном процессе позволяет реализовать основные общедидактические методы обучения, которые используются на занятиях иностранного языка: показ, объяснение, организация тренировки, коррекция и оценка. В статье также показаны преимущества Интернета и электронных учебников в учебном процессе.

This article deals with the effectiveness of computer multimedia opportunities in English classes. The authors emphasize, that the use of computer technology in teaching process helps to realize the basic general didactic methods of teaching, which are used in foreign language classes: demonstration, explanation, trainings, correction and evaluation. The article also gives a description of advantages of Internet and electronic textbooks in teaching process.

«Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2005–2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бағыттарының негізгі мақсаты халықтың барлық бөлігінің сапалы білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету болып табылады. Бұл мақсатқа жету жолдары әлемдік стандарттар

деңгейінде білім беріп ғана қоймай, бәсекеге барынша қабілетті, білімді мамандар дайындауды көздейді [1].

Қазақстан Республикасында және дүние жүзінде жүріп жатқан жаһандану, әлеуметтік, экономикалық және саяси өзгерістер шетел тілін білуге деген құлшынысты арттырып, оның қоғамдағы ролін күшейтіп отыр. Әлемдік білім алу кеңістігінде интеграциялық үрдістердің тереңдеп, кең қанат жайған жағдайында ағылшын тілін меңгеру өзекті екені сөзсіз. Осы кезеңде біліктілігі жоғары дәрежеде дамыған, білімі жағынан бәсекеге түсе алатын, өзін халықаралық еңбек жәрмеңкесінде еркін сезініп, жүре алатын мамандар дайындау мәселесі Қазақстан жоғары оқу орындарының ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Сапалы білім беру қазіргі уақытта білім алушылардың жұмысын ұйымдастыруда жаңа әдістер мен технологияларды кеңінен пайдалануды, білім беруді ақпараттандыруды талап етеді. Ақпараттық технологияларды пайдалану бұрыннан пайдаланатын жүйелерге қосымша болғанда емес, дәстүрлі жүйелермен тұрақты байланыста, оқыту процесінде қатысушыларға жаңа мүмкіндіктерімен ұйымдастырылғанда ғана тиімді.

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың бағыты жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, қашықтықтан оқыту, дара тұлғаға бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді.

Білім берудің негізгі мақсаты білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда компьютерлік технологияны пайдалану әдісі зор рөл атқарады. Компьютер сабақтың тиімділігін, оқушылардың белсендігін жоғарлататын технологиялардың бірі болып табылады. Бүгінгі таңда жоғары мектеп пәндерін компьютер көмегімен оқыту нәтижелілігін жақсарту проблемасын қарастыру ең басты орын алады.

Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді оқытушы ізденісі арқылы студент қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеп қолданады. Ағылшын тілі сабағында компьютердің мультимедиалық мүмкіндіктерін қолдану арқылы, интерактивті технология қағидаларын іске асыру барысында студенттердің танымдық белсенділіктерін, білім сапасын, ағылшын тіліне деген қызығушылығын жоғарлатуға мүмкіншіліктер туады.

Компьютер оқу үрдісінде қолданылатын оқытудың тиімді құралдарының бірі. Ол оқытудың әдістері мен мазмұнын анықтамайды. Сондықтан шет тілін компьютер арқылы оқыту әдістемелік оқу құралдарын жасау үшін шет тілін оқытудың негізгі мақсатын жүзеге асыруға қатысты әдістемелік мүмкіндіктер болу керек. Оқытудың компьютерлік технологиясы дегеніміз — білім алушыларға ақпаратты компьютер арқылы дайындау және беру процесі. Компьютерлік технологияға әр түрлі оқыту әдістері жатады: бағдарламалық оқыту, танымдық оқыту және т.б.

Бұл технологияның ең маңызды сипаттамалары мыналар:

- оқытудың компьютерлік жүйелері (бағдарламалық, танымдық, тестілеу);
- оқытудың мультимедиалық құралдары.

Жалпы айтқанда, шет тіліне үйретуде компьютерлік оқыту технологиясы мынадай ерекшеліктермен сипатталады:

- екі жақты қарым-қатынастың мүмкін болуы (үйренуші мен оқытушы);
- ауқымы кең түрдегі әр түрлі тілдік және тілдік емес ақпарат көздеріне кең түрде қол жеткізу мүмкіншілігі.

Мультимедиалық технологияны шет тілін оқытуда қолданудың ең маңызды аспектілерінің бірі — ондағы оқыту бағдарламаларында шет тілін оқытудың барлық принциптерінің енгізілуінде. Атап айтатын болсақ:

- сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінің қатар (параллельді) оқытылуы;
- ауызша негізінің болуы;
- оқытудағы жеке тұлғаға бағытталған сипаты;
- ана тіліне сүйене оқыту;
- тәжірибелік тиімділігі;
- кешенділігі;
- өзара толықтыру;
- ауызекі тілдік жаттығулардың ситуацияларға негізделінуі [2].

Компьютерлік оқыту бағдарламалары арқылы шет тілінде сөйлеу дағдыларын кешенді түрде қалыптастыру, яғни сөздерді айту (дыбысталуы), жазу, интонация, лексикалық және грамматикалық дағдыларды қалыптастыру жүзеге асырылады.

Компьютерді оқу үрдісінде пайдаланудың негізгі бағыттары болып мыналар табылады:

- оқыту процесінің мақсаты ретінде модельдік үлгілерді қолдану, құбылыстар мен үрдістерді көрнекілікпен ұсыну;
- оқу материалдарын қолдану біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыратын жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру;
- алған білімді, үйренген дағдылар мен біліктілікті бағалау және бақылау жасау, алған ақпараттарды жинау және сұрыптау;
- автоматты түрде ақпарат іздеу;
- компьютер желісі көмегімен әңгіме-сұхбатты қамтамасыз ету.

Компьютерлік оқыту дегеніміз оқытудың техникалық құралдарының бірі компьютер мүмкіндіктерін қолдану болып табылады. Оны келешекте электронды оқыту деп атауды кейбір маман-ғалымдар ұсынуда. Электронды оқыту жүйесі рецептивті және интерактивті болып екіге бөлінеді. Интерактивті жүйе дербес компьютерді қолдану, бейнемагнитофон, бейне дискілі құрал, теледидар кешендері негізінде құрылады, білім алушы мен техника құралдары арасында екі жақты қарым-қатынас орнайды, көрнекілік пен кері байланысты қамтамасыз етеді. Олай болса, оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын техникалық және адам ресурстарын және олардың өзара әрекеттесуін ескере отырып, білім беру формаларын оңтайландыру үшін рецептивті немесе интерактивті түрдегі электронды оқытуды жасау және жүзеге асырудың жүйелі әдісі деп санауға болады.

Ақпараттық технологияның қарқынды дамуына сәйкес осылайша электрондық оқыту деп аталатын оқытудың жаңа технологиясы қалыптасып нығая түсуде. Осыған байланысты қазіргі кезеңде педагогика ғылымының алдында электронды оқытудың жүйелік факторлары мен негізгі педагогикалық ұстанымдарын анықтауға бағытталған бірнеше міндеттер тұр. Электрондық оқыту құрылымы мен мазмұнына, оқыту әдістеріне, оқытудың формасына және құрамына қойылатын кешен талаптарды анықтау қажеттігінен электронды оқытудың әдістемелік жүйесін қалыптастыру мақсаты туындайды. Электронды оқыту жағдайында әдістемелік жүйенің негізгі бөліктерін былайша белгілеуге болады [3]:

- 1) оқыту мақсаты мен міндеттері: *біліктілік пен дағдыны қалыптастыру*;
- 2) оқыту формасы: *автономдық, қашықтан оқыту*;
- 3) оқыту мазмұны: *теориялық білімді тәжірибелік бекіту білімін тексеру*;
- 4) оқыту әдістері: *топтық әдіс, жеке дара оқыту әдісі*;
- 5) оқыту құралдары: *бағдарламалық өнімдер*.

Компьютерлік оқыту — техникалық оқыту құралының бірі ретінде компьютерді қолданатын оқыту жүйесі. Ол оқытудың тиімділігін арттыруға, дараландыруға және деңгейлік саралауға, оқыту үрдісінде өзара іс-әрекеттердің жаңа формаларын ұйымдастыруға, білім алушы мен оқытушы іс-әрекеттерінің сипаты мен мазмұнын өзгертуге, оқу үрдісін басқаруды жетілдіруге, оны жоспарлауға, ұйымдастыруға және бақылауға мүмкіндік береді. Компьютер мүмкіндіктерін пайдаланып, көрнекі оқыта отырып, оқу материалын игеруге ғылымилық және шамаға лайықтылық принциптерімен қамтамасыз етіп, студенттердің логикалық ойлауын, эстетикалық қабылдауын, қандай да бір жұмысқа шығармашылықпен қарау деңгейін дамыта түседі. Компьютерлік технологияның ең маңызды дидактикалық ерекшелігі — оның ақпаратпен жоғары дәрежеде қамтамасыз етілгендігінде. Бұл өз кезегінде оқу үрдісінде уақытты тиімді пайдалануға, оқыту сапасын арттыруға септігін тигізеді. Сөйтіп, компьютер көмегімен, оның дыбыстық мүмкіндігін пайдалана отырып, студенттерге оқу материалдарын түсіндіруде соңғы технология жаңалықтарын толық қолдануға болады. Демек, жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқытуда компьютердің көрнекілік мүмкіндіктерін толық әрі тиімді пайдаланудың маңызы зор, болашағы үлкен [4].

Заман ағымына қарай күнделікті сабаққа бейне-, аудиоқондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Кез келген сабақта электрондық оқулықты пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Дәстүрлі оқулықты оның электрондық нұсқасына оңай айналдыруға болады. Бұл нұсқаның жетістігі — оны компьютер жадында сақтау мүмкіндігі, оны компьютерлік желілер арқылы тарату болып табылады.

Білім берудің кез келген саласында электрондық оқулықтарды пайдалану білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етулеріне жағдайлар жасайды. Сондықтан да болар, қазіргі ақпараттандыру қоғамында электронды оқулықтарды пайдаланбай, білім беру саласында алға жылжу мүмкін емес деп

есептейміз. Электрондық оқулық дегеніміз — мультимедиялық оқулық, сол себептен оның құрылымы сапалы жаңа деңгейде болуы тиіс. Электрондық оқулық студенттің уақытын үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және студенттің ұмытып қалған оқу материалдарын еске түсіруіне көп көмегін тигізеді. Электрондық оқулық ешқандай қосымша қағаз құралдарының көмегінсіз, тек ғана компьютерлік бағдарламалар негізінде жасалынуға, барлық негізгі функцияларды қамтамасыз етуге және барлық талаптарды орындауға тиіс. Аудиториялық және аудиториядан тыс өздік жұмыстарда да кеңінен қолданыс тауып жүрген электрондық оқулықтар мен автоматтандырылған оқыту жүйелері оқу материалын беру, ақпаратқа талдау жасау, білімді бекіту және бақылау сияқты бірнеше қызметті қатар атқарады.

Электрондық оқулық қашықтан оқыту формасының да басты құралы болып табылады. Қашықтықтан оқыту білім алушылар мен оқытушылар арасындағы өзара белсенді ақпаратпен алмасуын қарастыратын және жоғары дәрежедегі қазіргі ақпараттық технологияларды (аудиовизуалды құралдар, дербес компьютерлер, телекоммуникация құралдары т.б.) пайдаланатын белгілі бір оқу пәндері бойынша ұйымдастырылатын оқыту процесі. Ағылшын тілі грамматикасын меңгеруде де қашықтықтан оқытудағы интерактивтік мүмкіндіктерін пайдаланудың маңызы зор. Өйткені қашықтықтан оқыту арқылы ақпараттар жүйесін жеткізуге, оқытушы мен үйренуші арасында қайта байланыс жасауға және диалог құруға мүмкіндік туады. Сонымен, қашықтықтан оқыту кезінде студент компьютермен жұмыс істеудің дағдыларын ғана емес, сонымен бірге өзіне интернет желісінің түрлі қорларында кездесетін түпнұсқалы материалдармен жұмыс жасау тәсілдерін де меңгеруі керек екендігі сөзсіз. Студенттер сонымен қатар ағылшын тілінде берілген мәтіндерді оқудың әр түрлерін: *зерттей оқу*, *іздене оқу*, *таныса оқу* түрлерін жақсы меңгерген болуы; электрондық анықтамалар мен сөздіктермен жұмыс істей білулері тиіс.

Кредиттік оқыту жүйесінде электрондық оқулықтардың студенттерге өздігінен білім алу мен өзіндік бақылау жасауда маңызы зор. Электрондық оқулық — компьютерлік техниканы қолдану негізінде жасалған жаңа оқулық түрі, ғылыми негізде дайындалған педагогикалық-ақпараттық өнім. Ол студентке білімді әбден меңгергенше бірнеше мәрте оқуына, интерактивті режимде тапсырмалар орындауына, өздігінен білім алуына, өзін-өзі бақылауына мүмкіндік береді. Мультимедиялық мүмкіндіктерді қолдануына байланысты соңғы кездері «электрондық оқулық» ұғымының синонимі ретінде «мультимедиялық оқулық» ұғымы да қолданылып жүр [5].

Мультимедиа ағылшын тілінде *multimedia*, латынша *multum* — көп және *media, medium* — жинақ құрал (-дар) дегенді білдіреді, яғни құрамына бірнеше мәтін, сурет, бейне, анимация т.б. топталған электронды ақпаратты тасушы. Біздің түсінігімізде мультимедиа мыналарды білдіреді: компьютер технологиясы, ақпаратты ұсыну тек ғана мәтін емес, сонымен бірге графика, түс, дыбыс, анимация және бейнекөріністер. Яғни мультимедиялық оқулық компьютердің мультимедиялық мүмкіншілігін пайдалану арқылы технологиямен берілетін дыбыс, графика, анимация т.б. болып табылады. Мультимедиа — бұл қазіргі компьютерлік құралдарды пайдаланып, интерактивті бағдарламалық қамтамасыз етуді басқарудың аудиоэффе́ктивті және визуалды нәтижелерінің өзарабайланысы, бірігуі. Мультимедиялық технологияны сауатты қолдану үшін оқытушы оның студенттерге қандай мүмкіндіктер беретінін және белгілі бір құралдарды тиімді қолдана білуі қажет. Мультимедиялық технологияны дұрыс қолдану барысында дәстүрлі типтегі сабақтармен салыстырғанда келесі ерекшеліктер қамтылады:

- оқытушының да, студенттің де шығармашылық потенциалы артады;
- оқу уақытын дұрыс пайдалану тиімділігі жоғарылайды;
- коммуникациялық әдістер түрлі өзгерістерге ие болады;
- ақпарат алмасу тез жылдамдықпен жүзеге асырылады;
- студент тек тыңдаушы емес, белсенді қатысушыға айналады;
- тақырыпты ашуға, оқу материалының мазмұндық-мәндік маңызын жете меңгеруге мүмкіндік туады;
- дидактикалық материалдардың әр түрлі формалары кеңінен қолданылады;
- оқу материалдарын меңгеруде студенттердің есте сақтау қабілеті арта түседі және жоғарылайды;
- анимация және видеобейнелердің орынды қолданылуына байланысты аудиторияға эмоционалдық-психологиялық әсер беріледі.


Қазіргі кезде компьютерлік технологияның даму деңгейі жаңа дәуірдің мультимедиалық, телекоммуникациялық мүмкіндіктері мен артықшылықтарын көрсететін, толыққанды сапалы, нақты алғы шарттар болып табылады.

Студент компьютер арқылы өзінің психофизиологиялық мүмкіндіктеріне сәйкес, дербес бағдарлама арқылы жұмыс жасауына мүмкіндік алады. Компьютер автоматты түрде студент жұмысын бақылай және жіберілген қателіктер мен оларды болдырмау жөнінде ұсыныстар, өтілген материалдардың игерілу сапасын бақылай алады. Оқытушы компьютердің көмегімен барлық студенттердің жекелеген бағдарламалар бойынша жасалған жұмыстар нәтижесі жөнінде объективті ақпаратты ала отырып, өзіндік авторлық бағдарламаларды құру арқылы оқу процесіне жедел ықпал жасай алады.

Ағылшын тілін оқытуда қолданбалы бағдарламаларды: *Microsoft Word* мәтіндік редактор, *Paint* графикалық редактор, *Microsoft Power Point* презентация дайындау құралы, мәліметтер қорын басқару жүйесі, сондай-ақ арнайы дайындалған ағылшын тілін үйренуге арналған мультимедиалық оқыту бағдарламасы, тестер, электронды оқулықтарды пайдалану қажет. Компьютердің мультимедиалық мүмкіндіктерін пайдаланып, мыныдай жұмыстар жасауға болады:

- кесте, кроссворд құру үшін *Paint* графикалық редактор және *Microsoft Word* мәтіндік редактор арқылы лексикалық, грамматикалық тақырыптарды өңдеу;
- жеке және ресми хат жазу, оны дұрыс безендіруді үйрену (*Microsoft Word*);
- бүкіләлемдік Интернет желісін пайдалану арқылы тіл үйренушілермен еркін қарым-қатынасты ұйымдастыру, яғни электронды пошта арқылы хат-хабар алмасу, өз ойын еркін жеткізу, болашақ мамандықтарына қатысты сайттарға еніп, білім қорын жетілдіру, сөздіктер мен энциклопедияларды пайдалана алу [6].

Компьютердің мультимедиалық мүмкіндіктерін пайдалану студенттердің шығармашылық, интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдысының қалыптасуына әкеледі. Ағылшын тілінен электронды оқыту бағдарламасын қолдану арқылы студенттер жұппен, топпен жұмыстар жасайды. Бұндай жұмыс түрлері білім алушылар бір-бірімен ағылшын тілінде диалог құруда, грамматикалық білімдерін бекітуде қолданылады.



1-сур.


Ағылшын тілі сабақтарында компьютерді пайдаланып, тілдің білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттарына қол жеткізуге болады. Интернет желісі арқылы тілі оқытылып отырған ағылшын тілінде сөйлейтін мемлекеттер жайында түпнұсқалы мәліметтер алып, *Power Point* бағдарламасы арқылы жасаған слайд-презентацияларды мультимедиалық проектордың көмегімен көрсетсек,

сабағымыз қызықты да тартымды өтері сөзсіз. Тек оларды тиімді, жүйелі түрде қолдану оқытушының шеберлігіне байланысты [7].

Өзіміз еңбек етіп жүрген Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-де «Халықаралық құқық», «Халықаралық қатынастар» мамандықтарының студенттерімен ағылшын тілінен практикалық сабақтарда студенттердің танымдық ой-өрісін қалыптастыру мақсатында, сабақтың әр кезеңінде жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, өтілген тақырыпты қайталау мақсатында, жаңа тақырыпты бекіту үшін лексикалық және грамматикалық тақырыптарға жасалған слайд-презентацияларды көрсету үшін интерактивті тақта мен мультимедиалық проекторларды пайдаланамыз. Мысалы: «The political system of Republic of Kazakhstan» тақырыбын өткенде мемлекеттің құрылымын слайд-презентациямен осылайша көрсетеміз.

Astana - the Capital of Kazakhstan

❖ On December 10, 1997 the city was renamed to Akmola and pronounced as **the capital of Kazakhstan**. Later, on May 6, 1998 it was renamed to **Astana**.



2-сур.

Слайд-презентацияға қарап, студенттер Қазақстан өкіметінің мемлекеттік құрылымы, оның негізгі үш тармағы, олардың негізгі атқаратын функциялары және Астана қаласы жайында толық мәліметтер береді. Сабақта осындай көрнекілік студенттердің ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда және сабақтың тартымды да қызықты өтуіне негіз бола алады.

Мультимедиалық кабинеттерде СОӨЖ сабақтарында Интернет желісі арқылы студенттерге мынадай тапсырмаларды ұсынуға болады:

Тақырып: *Writing a personal message for a website.*

Тапсырма: *Fill in the registration form below.*

Sur name: _____

First name: _____

Sex: _____

Date of birth: _____

E-mail address: _____

Mobile phone number: _____

Home telephone number: _____

Home address: _____

Password: _____

Тапсырма: *Write a message about yourself for a website. Use the following questions to help you.*

1. Are you married?
2. What's your job now?
3. Where do you live?
4. Have you got any children?
5. What did you do after school?
6. What do you study at the university?

Тақырып: *An email to a friend.*

Тапсырма: I. *You are going to write an email to a friend you haven't seen for some time. Read and choose the questions you want to answer, then follow instructions a-d.*

1. How are you?
2. How is your family?

3. Are you enjoying your job?
 4. How is your new house/flat?
 5. What are you doing these days?
 6. How about going out sometime soon?
 - a) Make notes about how you're going to answer the questions?
 - b) Think of two or three questions you want to ask your friend?
 - c) Now put all the information in a logical order.
 - d) Use the Useful Language box to decide how you're going to start and finish the email.
- II. Write the email. *Use the notes you made in exercise I and the Useful language.*

Useful Language

Dear....

Hi....
 Write back soon....
 Please write
 All the best
 Take care.....
 Love.....

Тақырып: *Writing a letter of application.*

Тапсырма: I. *Read the newspaper advertisement, then write the letter: (Remember the correct beginnings and endings for the letters).*

Bristol Summer Camps Network has all kinds of jobs for all ages!

BSCN UK runs summer camps all over Europe for children between 10 and 14. We are looking for temporary staff: teachers, nurses, cooks, cleaners, general helpers, etc. Send your CV and the names of two referees to: The Director, BSCN UK, PO Box 29, Temple Quay, Bristol BS 10 7O OX. Please include a short letter telling us:

- the type of work you are interested in.
- the country or countries you would like to work in.
- your experience and qualifications.
- why you believe you would be suitable.

II. Write a letter of application:

Follow the instructions:

- 1) writer's address.
- 2) date.
- 3) greeting phrase.
- 4) text of the letter (*reason for writing the letter; experience and qualifications; reasons why you think you would be good at this job; reference to future contact*).
- 5) ending of the letter.
- 6) writer's signature.
- 7) writer's name.

Осылайша, сабақ тақырыбына сәйкес оқулықтан тыс қосымша материал пайдалану студенттердің ой-өрісін кеңейтеді, шетелдік әріптестерін қиналмай түсінуге көмегін тигізеді.

Білім беруде компьютерлік технологияларды осылайша пайдалану оқыту процесін толық өзгертуге, оқытудың жеке тұлғаға бағытталған моделін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жоғары мектептің оқу процесінде ақпараттық технологияны тиімді пайдалану білімді берік әрі терең меңгерту, сапалы тәрбие беруге және студенттердің ақыл-ой белсенділігін арттыруға көп ықпалын тигізеді.

Қорыта келе, айтарымыз компьютердің мультимедиялық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, шет тілдері сабағында қолданылатын оқытудың негізгі жалпыдидактикалық әдістерін: *көрсету, түсіндіру, жаттықтыру, түзету* және *бағалауды* жүзеге асыруға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005–2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан. — 2004. — 16 қазан.
2. Методические рекомендации по применению мультимедийных технологий при подготовке и проведении учебных занятий / Сост.: С.Т.Каргин, Л.П.Любонская, Л.Р.Шевлякова. — Караганда, 2007.

3. Лекерова Г., Маджуга А. Инновационные педагогические технологии в образовательном процессе // Высшая школа Казахстана. — 2001. — № 6. — С. 29–32.
4. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мектебі. — 2004. — № 2.
5. Досжанов Б.А. Мультимедиялық технологияларды пайдалану арқылы оқыту процесін жетілдірудің дидактикалық негіздері: Пед. ғыл. канд. ... дис. — Қызылорда, 2007.
6. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учеб. пособие / Под. ред. Е.С.Полат. — М., 2002. — С. 271–275.
7. Сысоев П.В., Евстигнеев М.Н. Современные учебные Интернет-ресурсы в обучении иностранному языку // Иностранные языки в школе. — 2008. — № 5.

УДК 371.13

М.С.Малибекова, М.А.Ермаганбетова

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана

ДИДАКТИЧЕСКИЕ ПРИНЦИПЫ В ПРОЦЕССЕ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ИНФОРМАТИКИ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Қазіргі болашақ ақпараттық технологиялар бейіндік мамандардың кәсіби құзыреттілігіне, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігіне қоятын талаптары ақпараттық технологияларды қолданумен қамтамасыз етілетін арнаулы даярлауды қажет етеді, себебі бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі — жаңа ақпараттық технологияларды игеру және ауқымды коммуникациялық желілерге шығу. Мақалада болашақ мұғалімдерді ақпараттық-коммуникациялық даярлығында жаңа технологияларды пайдалану жолдары қарастырылады.

Professional education of experts in machine-building profile requires special training provided by modern information technology, as today one of its priority tasks is to master new information technology and access to the global communication network.

This review shows the special constructural and technological development and progress in studying of IT technologies and this factor helps to our future genies.

В современной теории и практике высшей педагогической школы особую значимость приобретает проблема профессиональной подготовки специалистов образовательной сферы новой формации, обладающих широкой общей и профессиональной культурой, последовательным профессионально-педагогическим мышлением, свободным от сложившихся в прошлом стереотипов.

Выдвижение перед высшей педагогической школой в качестве ведущей цели профессиональной подготовки педагога нового типа обусловлено также потребностями современной образовательной парадигмы [1; 3].

Специфика современного подхода к организации системы образования во многих странах мира обусловлена своеобразием развития информационного общества, общества высоких технологий. Основными ценностями информационного общества, ориентированного на широкое использование новейших информационных технологий, становятся знания, самостоятельность мышления, умение работать с информацией и принять аргументированное решение.

При овладении знаниями чрезвычайно важно, как они организуются и с помощью каких методов усваиваются. В центре учебного процесса находится ученик с его индивидуальными способностями и интересами. Учитель организует его деятельность, ориентируясь на формирование самостоятельного критического мышления, которое предполагает рассмотрение, исследование изучаемого явления с различных сторон. При этом роль учителя становится более сложной, требует знания не только своего предмета, но и особенностей психологии восприятия, осмысления, общения в процессе познавательной деятельности, умения использовать разнообразные педагогические технологии, средства обучения для организации деятельности учащихся.

Одним из факторов влияния на качество образования является использование технических средств (информационных, коммуникационных технологий) с учетом их дидактических свойств и